


Ата-аналарға арналған кеңес беру
***"Мектепке дейінгі жастағы
балаларды тәрбиелеудегі дамытушы
ойындардың рөлі"***



«Менімен ойнашы!» - бұл өтінішті балаларымыздан қаншалықты жиі естиміз. Шаршағанымызға қарамастан, үй шаруасын кейінге қалдырып, аз ғана уақытқа болсын науқас, жолаушы, оқушы немесе сұр қасқыр рөлін ойнауға келіскенде, олардың қуанышы еселене түседі.

Алайда ойын — бұл тек баланың ләззат алып, қуанышқа бөленуі ғана емес, дегенмен бұл да өте маңызды. Ойын арқылы баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлау жүйесі мен қиялы дамиды, яғни болашақ өміріне қажет қасиеттер қалыптасады. Ойын арқылы бала жаңа білім, дағдылар мен іскерліктерді меңгере алады, қабілеттерін дамытады, кейде тіпті оны байқамай да қалады. Ата-аналар кейде өздері балаларына оқу дағдыларын нығайту үшін мектеп ойнауды, санау қабілетін тексеру үшін дүкен ойнауды ұсынады, және т.б.

Барлық ойындарды өзара тәуелсіз бірнеше топқа бөлуге болады. Олар қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау және шығармашылық қабілеттерді дамытатын ойындар. Ерекше топтағы ойындар баланы мектепке дайындауға көмектеседі.

1. **Қабылдауды** дамытуға бағытталған ойындар баланың заттарды түсі, пішіні, өлшемі сияқты белгілеріне қарай талдау қабілетін дамытады. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай балалар спектрдің 7 түсін айырып, олардың қанықтылығы мен түстік ренктерін ажырата алады. Балалар негізгі геометриялық пішіндерді (шеңбер, сопақша, шаршы, төртбұрыш және үшбұрыш) білуі тиіс, сондай-ақ белгілі бір пішіндегі заттарды үлгі немесе атауы бойынша таңдай алуы керек.
2. Ойынның келесі тобы **зейінді** дамытуға бағытталған. Ұсынылып отырған ойындар баланың бойында болмыстың белгілі бір жақтары мен құбылыстарына назар аудару қабілетін дамытады. (Зейінсіз кез келген жұмысты, тіпті ең қарапайымды да аяқтау мүмкін емес). Зейіннің басты қасиеттері: тұрақтылық, ауысуы және таралуы – мектепке дейінгі жаста қалыптаса бастайды. Тұрақты зейін дегеніміз – ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге назар аудару мүмкіндігі. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай балалар 1 - 1,5 сағатқа дейін бір қызмет түрімен айналыса алады. Зейіннің ауысуы – бұл бір іс-әрекеттен екіншісіне, бір тапсырмадан екіншісіне ауысу қабілеті. Балаға бірден екі немесе одан да көп заттармен әрекет ету қажет болғанда зейінді бөлу туралы айтамыз. Мектепке дейінгі жаста еріксіз зейіннен ерікті зейінге біртіндеп көшу жүреді. Еріксіз зейін қазіргі уақытта бала үшін жаңа, тартымды және қызықты заттардың әсерінен туындауымен сипатталады. Ерікті зейін өте қызықты болмаса да, бір тапсырмаға зейін қоя білуді қамтиды.
3. Ойындардың келесі тобы зейін сияқты бірте-бірте ерікті сипатқа ие болатын **есте сақтау** қабілетін дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі жастағы бала қазірдің өзінде өзіне мақсат қоя алады - бір нәрсені есте сақтау және көп немесе аз табыспен осы мақсатқа жету үшін құралдарды, яғни есте сақтау процесін жеңілдететін құралдарды таңдай алады. Бұған есте сақтауды дамыту ойындары көмектеседі.

4. **Ойлаудың** дамуы ойлаудың үш негізгі формасын меңгеру шартында жүзеге асады: көрнекі-іс әрекеттік, көрнекі-бейнелік және логикалық. **Көрнекі-іс әрекеттік ойлау** — бұл әрекеттегі ойлау. Ол кіші мектеп жасына дейінгі балаларда әртүрлі заттармен және ойыншықтармен әрекет ету процесінде дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың ойлауының негізгі формасы – **көрнекі-бейнелі ойлау**, яғни объектілердегі ең маңыздыларды бөліп көрсетуге, сондай-ақ олардың бір-бірімен байланысын және бөліктерінің байланысын көруге мүмкіндік беретін бейнелерді ұйымдастыру. Балалар әртүрлі жоспарлар мен схемаларды пайдалануды үйренуі керек. Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай балаларда логикалық ойлаудың элементтері қалыптаса бастайды, яғни олар логика заңдарына сәйкес ой қорытуды және тұжырым жасауды меңгереді.
5. Баланың **шығармашылық қабілеттерін** дамыту оның қиялын және икемді, стандартты емес ойлауын дамыту дегенді білдіреді. Шығармашылық негізінен адамның әлем туралы өз сезімдері мен идеяларын, әртүрлі тәсілдермен білдіру қабілетімен анықталады. Ол үшін әрбір заттың әр түрлі қырларын көруге үйрену қажет, заттың жеке белгісіне сүйене отырып, образ құра білу; тек еркін қиялмен ғана емес, сонымен қатар өз қиялын, шығармашылық мүмкіндіктерін түрлі тапсырмаларды шешуге бағыттай білу керек.
6. Және, соңында, баланы **мектепке дайындауға көмектесетін** ойындар. Бұл баланың бойында қарапайым математикалық ұғымдарды дамытатын, сөздің дыбыстық анализімен таныстыруға, қолын жазуды меңгеруге дайындайтын ойындар.

Ойындарды ұйымдастыра отырып, балаға мұқият қарап, оның жеке ерекшеліктерін бағалаңыз. Егер ол тапсырмаларды жылдам және оңай орындайтын болса, онда оған күрделірек тапсырмалар ұсынуға болады, ал егер қиындықтарға тап болса, онда қарапайым тапсырмалармен ұзақ уақыт отыра тұру керек. Ешқандай жағдайда тапсырмаларды орындауды жеделдетуге, баланы оның жасауды білмейтіні үшін кінәлауға болмайды, тіпті егер оны құрдастары оңай орындасада.

Балаға бір нәрсені үйретіп қана қоймай, оның бойында өзіне деген сенімділікті ояту, өз идеясын, өз шешімін қорғау қабілетін дамыту маңызды. Бұл әсіресе шығармашылық тапсырмаларды орындауға қатысты, өйткені олар әдетте бірнеше шешімдерге ие және «дұрыс - бұрыс» сияқты қатаң бағалауды қажет етпейді. Баланы сын-пікірді ренішсіз қабылдауға және жаңа идеяларды ұсынуға үйрету керек.

Тағы да, баланың жеке қасиеттері өте маңызды. Егер ол батыл және өзіне сенімді болса, оған жауаптарын сыни тұрғыдан бағалауды үйрете бастауға болады. Егер бала ұялшақ, сенімсіз болса, алдымен оны жігерлендіріп, кез келген бастаманы қолдаған дұрыс. Егер бала тапсырмаларды тез ауыстыруға құмар болса, бірінші кездейсоқ жауаппен құтылуға тырысса, онда оған тапсырмадан жаңа детальдар табуға көмектесіп, таныс нәрсені жаңа мазмұнмен

байыту керек. Керісінше, егер бала ойын тапсырмасын орындау барысында шексіз детальдарға «батып» кетсе, артықтарын жанынан қалдырып, оған бір нұсқаны таңдауға көмектескен жөн, бір идеядан екінші идеяға ауысу дағдыларын жаттықтыру, бұл әсіресе шығармашылық тапсырмаларды орындауда маңызды.

Әрбір ойын — бұл баланың ересектермен, басқа балалармен қарым-қатынасы; бұл ынтымақтастық мектебі, онда ол құрдастарының жетістіктеріне қуанып, өз сәтсіздіктерін сабырмен көтеруді үйренеді. Достық, қолдау, қиял мен фантазияның қуанышты атмосферасы — тек осы жағдайда біздің ойындарымыз баланың дамуына пайдалы болады.

Әр ойынды бір баламен де, бірнеше баламен де ойнауға болады. Ал, одан да жақсысы үй шаруаларын бірнеше минутқа қойып, бүкіл отбасымен ойнау, бірге уақыт өткізу. Сіз балаңызға беретін қуаныш — өзіңізге де қуаныш болады, ал бірге өткізілген жағымды минуттар сіздің бірлескен өміріңізді мейірімдірек және көңілдірек етуге көмектеседі. Сонымен, келіңіздер ойнайық!

